

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 2 тамыздағы N 729 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат ; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж ., N 3-4, 16-құжат; N 5, 25-құжат; N 6, 42-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 21-22, 87-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 4, 24, 25-құжаттар; N 8, 45-құжат; 2006 жылғы 27 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 29 маусымда " Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 22 маусымдағы Заңы; 2006 жылғы 18 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 18 шілдеде " Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзара сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңы) :

1)

9 9 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өнертабысқа құқық инновациялық патентпен немесе патентпен, ал пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге құқықтар патентпен қорғалады.";

5-тармақта "Алдын ала" деген сөздер "Инновациялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 993-баптың тақырыбы мен мәтінінде "алдын ала", "алдын ала берілетін" деген сөздер тиісінше "инновациялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 994-баптың 2-тармағында "патентке" деген сөз "қорғау құжатына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 996-бапта "алдын ала берілетін" деген сөздер "инновациялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 998 - бапта :

тақырыпта "Алдын ала" деген сөздер "Инновациялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы аумағында уәкілетті орган берген өнертабысқа инновациялық патент, патент, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге патент қолданылады." ;

3 - тармақта :

"алдын ала патент пен" деген сөздер алып тасталсын;

"өнертабысқа" деген сөзден кейін "және өнеркәсіптік үлгіге арналған патент, пайдалы модельге" деген сөздер "инновациялық патент пен патент, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 999 - бапта :

тақырыпта "Алдын ала берілетін" деген сөздер "Инновациялық" деген сөзбен ауыстырылсын ;

1 - тармақта :

"Алдын ала берілетін", "алдын ала берілетін" деген сөздер тиісінше "Инновациялық", "инновациялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшада :

"бес" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

"үш" деген сөз "екі" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) тармақша алып тасталсын ;

2-тармақта "тек патент берілгеннен кейін ғана" деген сөздер "инновациялық патент немесе патент берілгеннен кейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 1000-баптың мәтінінде "Алдын ала", "алдын ала" деген сөздер тиісінше "Инновациялық", "инновациялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 1003 - бапта :

тақырыпта "Алдын ала" деген сөздер "Инновациялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

"патентті бұзу" деген сөздер "инновациялық патентті және патентті бұзу" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 1004-баптың 2-тармағында "алдын ала" деген сөздер "инновациялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2. 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 4, 5-құжаттар; N 3, 22-құжат, N 4, 24-құжат; N 8, 45, 46-құжаттар; N 10, 52-құжат; 2006 жылғы 27 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 29 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 22 маусымдағы Заңы; 2006 жылғы 7 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 7 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңы; 2006 жылғы 14 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы; 2006 жылғы 19 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 19 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және орман шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы):

1) 499-1-баптың 1) тармақшасында "алдын ала" деген сөздер "инновациялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 507-баптың 2-тармағының 12) тармақшасында "алдын ала" деген сөздер "инновациялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

3. "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" 1999 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 21, 776-құжат; 2004 ж., N 17, 100-құжат; 2005 ж., N 21-22, 87-құжат):

1) 3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2) тармақшалармен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"2-1) тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп танудың тәртібін анықтау;

2-2) тауар шығарылған жерлердің атауын тіркеудің және (немесе) тауар шығарылған жерлердің атауын пайдалануға құқық берудің тәртібін анықтау;"

2) 17-бапта "үш жыл" деген сөздер "бір жыл" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 29-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Өтінімдерді жасауға, рәсімдеуге және қарауға қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді."

4. "Қазақстан Республикасының патент заңы" туралы 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 718-құжат; 2004 ж., N 17, 100-құжат; 2005 ж., N 21-22, 87-қ ұ ж а т) :

1) 1-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) қорғау құжаттары - осы Заңға сәйкес өнертабыстарға берілген инновациялық патенттер және патенттер, өнеркәсіп үлгілері мен пайдалы модельдерге берілген п а т е н т т е р ; " ;

2) 5 - б а п т а :

1, 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өнертабысқа құқық инновациялық патентпен немесе патентпен, ал пайдалы модель мен өнеркәсіптік үлгіге құқықтар патентпен қорғалады.

2. Өнертабысқа инновациялық патент өнертабысқа инновациялық патент беруге арналған өтінімге сараптама өткізілгеннен кейін беріледі. Пайдалы модельге патент пайдалы модельге патент беруге арналған өтінімге өткізілген сараптаманың нәтижесі б о й ы н ш а б е р і л е д і .

Өнертабысқа және өнеркәсіптік үлгіге патент өтінімге үстірт сараптама және мәні бойынша сараптама өткізілгеннен кейін беріледі.

Инновациялық патент пен патент өнеркәсіптік меншік объектісіне басымдықты, авторлықты және ерекше құқықты куәландырады.";

3 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"алдын ала" деген сөздер "инновациялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

"бес" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

"үш" деген сөз "екі" деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші бөлік алып тасталсын;

4-тармақта "өнеркәсіптік үлгіге қорғау құжатымен" деген сөздер "өнеркәсіптік үлгіге патентпен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өнімге (құрылғыға, затқа, микроорганизмнің штамына, өсімдіктердің немесе

хайуанаттардың жасушаларының өсінділеріне), тәсілге (материалдық құралдардың көмегімен материалдық объектіге іс-әрекетті жүзеге асыру процесіне), сондай-ақ белгілі өнімді немесе тәсілді белгілі бір мақсатта қолдануға жататын, кез келген саладағы техникалық шешімдер өнертабыс ретінде қорғалады.";

3-тармақтың 4) тармақшасы ", ойындарды жүргізу" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 13-баптың 2-тармағында "өнертабысқа, өнеркәсіп үлгісіне, пайдалы модельге алдын ала патент беру туралы" деген сөздер "өнертабысқа инновациялық патент, патент, өнеркәсіп үлгісіне патент немесе пайдалы модельге патент беру туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 16-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Уәкілетті орган және сараптама жасау ұйымы, өтінім берушінің өтініші немесе рұқсаты не қылмыстық қудалау органдарының немесе соттың талабы болған жағдайларды қоспағанда, қорғау құжатын беру туралы мәліметтер жарияланғанға дейін үшінші тұлғаларға өтінімге қол жеткізуге рұқсат бермеуге тиіс.";

6) 17 - бапта:

2 - тармақта:

бірінші бөлікте:

"өтінімге" деген сөз "өтінімде мынадай құжаттар болуға тиіс" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өнертабыстың объектісін анықтайтын және оның мәнін білдіретін өнертабыстың формуласы. Формула анық, нақты және сипаттамаға негізделуі тиіс";

7) тармақша алып тасталсын;

екінші бөлікте "өтінім беруге" деген сөздерден кейін ", сонымен бірге үстірт сараптама жасауға" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өнертабысқа өтінім берілген күн сараптама жасау ұйымына осы баптың 2-тармағының 1), 2), 4) тармақшаларында көрсетілген өтінім құжаттары түскен күні бойынша белгіленеді, ал егер көрсетілген құжаттар бір мезгілде тапсырылмаса, онда тапсырылған құжаттардың соңғысының түскен күні көрсетіліп белгіленеді.";

4-тармақта "жасау мен ресімдеуге" деген сөздер "жасауға, ресімдеуге және қарауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 18 - бапта:

тақырыпта және 1, 3-тармақтарда "қорғау құжатын" деген сөздер "патент" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтың 1) тармақшасында "қорғау құжаты", "қорғау құжатын" деген сөздер "патент" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақта "жасау мен ресімдеу" деген сөздер "жасау, ресімдеу және қарау" деген

сөздермен

ауыстырылсын;

8) 19 - бапта :

тақырыпта және 1-тармақта "қорғау құжатын" деген сөздер "патент" деген сөзбен
ауыстырылсын ;

2 - тармақта :

1) тармақшада "қорғау құжаты", "қорғау құжатын" деген сөздер "патент" деген
сөзбен ауыстырылсын ;

3) тармақша алып тасталсын ;

4-тармақта "жасау мен ресімдеу" деген сөздер "жасау, ресімдеу және қарау" деген
сөздермен ауыстырылсын ;

9) 21-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өтінім берушінің өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге
өтінім құжаттарына осы өтінім бойынша қорғау құжатын беру туралы шешім не қорғау
құжатын беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін өнертабыстың,
пайдалы модельдің немесе өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертпей түзетулер мен
нақтылаулар енгізуге құқығы бар." ;

10) 22 - бапта :

тақырыпта "Өнертабысқа" деген сөзден кейін "патент беруге арналған" деген
сөздермен толықтырылсын ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сараптама жасау ұйымына келіп түскен өтінім бойынша осы Заңның 17-бабы 2-
тармағының 1), 2), 4) тармақшаларында көзделген өтінім құжаттарының бар-жоғы және
оларға белгіленген талаптардың сақталуы тексеріледі, өтінім берілген күн анықталады.
Егер өтінім осы Заңның 17-бабы 2-тармағының 1), 2), 4) тармақшаларының талаптарын
және осы құжаттарға қойылған талаптарды қанағаттандырмаса, сараптама жасау
ұйымы өтінім берушіге ол туралы хабарлайды және жетіспеген және/немесе түзетілген
құжаттарды (мәліметтерді) осындай хабарлау жіберілген күннен бастап үш ай ішінде
тапсыруды ұсынады. Өтінім беруші сұратылған және/немесе түзетілген құжаттарды (
мәліметтерді) белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда өтінім берілмеген болып
саналады, бұл туралы өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі." ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Өнертабысқа патент беруге өтінім берілген күн белгілегеннен кейін сараптама
жасау ұйымы ол бойынша үстірт сараптама жасайды.

Үстірт сараптама жасау барысында осы Заңның 17-бабының 2-тармағында
көзделген құжаттардың бар-жоғы және оларға белгіленген талаптардың сақталуы
тексеріледі . " ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Үстірт сараптама аяқталғаннан кейін өтінім берушіге оның нәтижесі туралы
хабарланады . " ;

6 - тармақ алып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Үстірт сараптама оң нәтижемен аяқталғаннан кейін сараптама жасау ұйымы өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізеді.

Өтінімге мәні бойынша сараптама ұсынылған өтінімді өнертабыс ретінде қорғалатын объектілерге жатқызу мүмкіндігін белгілеуді, техника деңгейін анықтау үшін мәлімделген өнертабысқа қатысты ақпараттық іздестіру жүргізуді, мәлімделген объектінің (объектілердің) өнертабыс бірлігінің талабына және осы Заңның 6-бабында белгіленген патентке қабілеттілік шарттарына сәйкестігіне тексеру жүргізуді қамтиды, және өтінімге мәні бойынша сараптамаға ақы төленген жағдайда жүзеге асырылады.

Мәні бойынша сараптамаға ақы төлеу үстірт сараптаманың нәтижесі туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде сараптама жасау ұйымына өтінімге мәні бойынша сараптамаға ақы төленгендігін растайтын құжатты берген жағдайда жүргізіледі.

Мәні бойынша сараптамаға ақы төленбеген жағдайда өтінім қайтарып алған болып есептеледі. " ;

9-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сараптама жасау ұйымының қорытындысы негізінде уәкілетті орган өнертабысқа патент беру туралы не оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

10-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы мына жағдайларда беріледі:

1) егер өтінім өнертабыс ретінде қорғалмайтын объектіге қатысты болса;
2) егер өтінім беруші ол ұсынылған формула өтінімнің бастапқы материалдарында болмаған белгілерді қамтитыны, немесе өнертабыс ретінде қорғалатын объектіден басқа, өнертабыс ретінде қорғалатын объектілерге жатпайтын ұсыныстармен де сипатталса, немесе бірлік талаптарының бұзылуына байланысты қарау өткізілмеген туралы хабарланғаннан кейін өнертабыс формуласын өзгертпесе беріледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Өтінім беруші өтінім қаралуының кез келген сатысында, сараптама жасау ұйымының тиісті қорытындысы берілгенге дейін инновациялық патент беру туралы өтініш бере алады. Бұл жағдайда сараптама осы Заңның 22-1-бабына сәйкес жүргізіледі .
"

13-тармақта "5-10" деген сандар "4, 7, 8, 10" деген сандармен ауыстырылсын;

11) мынадай мазмұндағы 22-1-баппен толықтырылсын:

"22-1-бап. Өнертабысқа инновациялық патент беруге арналған өтінімге сараптама

1. Сараптама жасау ұйымына келіп түскен өтінім бойынша осы Заңның 17-бабы 2-тармағының 1), 2), 4) тармақшаларында көзделген өтінім құжаттарының бар-жоғы тексеріледі, өтінім берілген күн анықталады. Егер өтінім осы Заңның 17-бабы 2-

тармағының 1), 2), 4) тармақшаларының талаптарын қанағаттандырмаса, сараптама жасау ұйымы өтінім берушіге ол туралы хабарлайды және жетіспеген құжаттарды (мәліметтерді) осындай хабарлау жіберілген күннен бастап үш ай ішінде тапсыруды ұсынады. Өтінім беруші сұратылған құжаттарды (мәліметтерді) белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, өтінім берілмеген болып саналады, ол туралы өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі.

Өнертабысқа инновациялық патент беруге өтінім берілген күн анықталғаннан кейін сараптама жасау ұйымы ол бойынша сараптама жасайды, оның процесінде осы Заңның 17-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың болуы, оларға қойылатын талаптардың сақталуы, өнертабыс бірлігі талабының сақталуы тексеріледі, өтінім берілген шешім өнертабыс ретінде қорғалатын объектіге жататыны не жатпайтыны туралы мәселе қаралады, сондай-ақ басымдық күні белгіленеді және өтінім берілген шешімнің Қазақстан Республикасында патенттелген өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттардың негізінде берілген патенттерге, жарияланған еуразиялық өтінімдерге, қаралатын өтінімнің басымдығы күніне дейін сараптама жасау ұйымына берілген басқа өтінім берушілердің қайтару сұратылмаған өтінімдеріне қатысты жергілікті жаңалығы, сондай-ақ өнеркәсіптік қолданылуы тексеріледі.

2. Егер өтінім бойынша осы Заңның 21-бабына сәйкес өтінім беруші қосымша материалдар ұсынса, сараптама процесінде олардың өтінім берілген өнертабыстың мәнін өзгертпейтіндігі тексеріледі.

Қосымша материалдар, егер олар өнертабыс формуласына енгізуге жататын және өтінімнің алғашқы материалдарында болмаған белгілерді қамтитын болса, өтінім берілген өнертабыстың мәнін өзгертеді. Қосымша материалдар өтінім берілген өнертабыстың мәнін өзгертетін бөлігінде өтінімді қарау кезінде назарға алынбайды және өтінім беруші дербес өтінім ретінде ресімдеуі мүмкін, ол туралы өтінім берушіге хабарланады.

3. Құжаттарына қойылатын талаптарды бұза отырып берілген өтінім бойынша өтінім берушіге оны жіберген күннен бастап үш ай мерзімде түзетілген немесе жоқ құжаттарды табыс ету ұсынылған сауал жіберіледі.

Егер, өтінім беруші көрсетілген мерзімде сұратылған құжаттарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтінішті тапсырмаса, өтінім кері қайтарып алынған болып саналады.

4. Өнертабыс бірлігі талаптары бұзыла отырып берілген өтінім бойынша өтінім берушіге оған тиісті хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай мерзім ішінде өнертабыстың қайсысы қаралуы тиіс екенін хабарлау және қажет болған жағдайда, өтінім құжаттарына нақтылаулар енгізу ұсынылады. Бастапқы өтінім материалдарына енген басқа өнертабыстар бөлінген өтінімдермен ресімделуі мүмкін. Бөлінген өтінімдердің басымдығы осы Заңның 20-бабының 5-тармағына сәйкес белгіленеді.

Егер өтінім беруші өзіне бірлік талаптарының бұзылуы туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде өнертабыстардың қайсысын қарау қажет екенін хабарламаса, және нақтыланған құжаттарды табыс етпесе, формулада бірінші көрсетілген объекті, сондай-ақ алғашқысымен байланыстылығы соншалықты, олар өнертабыс бірлігі талаптарын қанағаттандыратын басқа да өнертабыстар қаралады.

5. Егер сараптама нәтижесінде өтінім өнертабыстар ретінде қорғалатын объектілерге қатысты, құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес екені, және өтінім осы баптың 1-тармағына сәйкес жергілікті жаңалық және өнеркәсіптік қолдану шартына жауап беретін ұсынысты сипаттайтыны анықталса, инновациялық патентке өтінім берушімен келісілген формуламен сараптама жасау ұйымының оң қорытындысы беріледі.

Сараптама жасау ұйымының қорытындысы негізінде уәкілетті орган өнертабысқа инновациялық патент беру туралы не оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

6. Сараптама жасау ұйымының инновациялық патентке теріс қорытындысы:

1) егер өтінім өнертабыс ретінде қорғалмайтын объектіге қатысты болса;
2) егер өтінім беруші ол ұсынған формулада өтінімнің бастапқы материалдарында болмаған белгілердің қамтитыны немесе басқа өнертабыс ретінде қорғалатын объектіден басқа өнертабыс ретінде қорғалатын объектіге жатпайтын ұсынысты сипаттайтын болса, немесе соған қатысты өнертабыс бірлігі талаптары бұзылуына байланысты қарау өткізілмегені туралы хабарланғаннан кейін өнертабыс формуласын өзгертпесе;

3) егер өтінім осы баптың 1-тармағына сәйкес жергілікті жаңалық пен өнеркәсіптік қолдану шарттарына жауап бермейтін ұсынысты қамтыса беріледі.

Өтінім беруші сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы жіберілген күннен бастап алты ай мерзімде уәкілетті органға қарсылық бере алады. Қарсылықты ол түскен күннен бастап екі ай мерзімде апелляциялық кеңес қарауға тиіс.

7. Өтінім беруші өтінім қаралуының кез келген сатысында, сондай-ақ патент иеленуші және үшінші тұлғалар инновациялық патент беру туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін техника деңгейін анықтау үшін ақпараттық іздестіру өткізу туралы өтініш жасай алады, онымен салыстыра отырып өнертабыстың патент қабілеттілігін бағалауды жүзеге асыру мүмкін болады. Осы Заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес өнертабыстар болып танылмайтын объектілерге қатысты сараптама жасау ұйымы ақпараттық іздестіру жүргізбейді, бұл туралы ақпараттық іздестіру туралы өтініш беруші адам хабарланады.

8. Инновациялық патент беру туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін, бірақ осы Заңның 5-бабының 3-тармағына сәйкес инновациялық патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жағдайында өтінім берілген күннен бастап үш жылдан кешіктірмей берілетін өтінім берушінің немесе үшінші тұлғалардың өтініші бойынша сараптама жасау ұйымы

өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізеді. Өтінімге мәні бойынша сараптама мәні бойынша өтінімге сараптамаға ақы төленген жағдайда, сондай-ақ егер өтінішті өтінім беруші жасаған болса, инновациялық патентті күшінде ұстап тұрған кезде жүзеге асырылады.

Мәні бойынша сараптама осы Заңның 22-бабының 7, 8, 9, 10, 13-тармақтарында көзделген тәртіппен жүргізіледі.";

1 2) 2 3 - б а п т а :

тақырыпта "пайдалы" деген сөзден кейін "модельге патент беру" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай мазмұнда жазылсын:

"1. Сараптама жасау ұйымына келіп түскен өтінім бойынша осы Заңның 18-бабы 2-тармағының 1)-4) тармақшаларында көзделген құжаттардың бар-жоғы тексеріледі, өтінім берілген күн анықталады. Егер өтінім осы Заңның 18-бабы 2-тармағының 1)-4) тармақшаларының талаптарын қанағаттандырмаса, сараптама жасау ұйымы өтінім берушіге ол туралы хабарлайды және жетіспеген құжаттарды (мәліметтерді) осындай хабарлау жіберілген күннен бастап үш ай ішінде тапсыруды ұсынады. Өтінім беруші сұратылған құжаттарды (мәліметтерді) белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда өтінім берілмеген болып саналады, ол туралы өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі.

Сараптама жүргізу барысында 18-баптың 2-тармағында көзделген қажетті құжаттардың бар-жоғы және оларға қойылатын талаптардың орындалуы тексеріледі, өтінімнің басымдық күні, мәлімделген ұсынысты пайдалы модель ретінде қорғалатын объектілерге жатқызу мүмкіндігі айқындалады, пайдалы модельдің бірлігі тексеріледі.

Мәлімделген пайдалы модельдің осы Заңның 7-бабының 1-тармағында белгіленген патент қабілеттілік талаптарына сәйкестігін тексеру жүзеге асырылмайды. Патент өтінім берушінің тәуекелімен және жауапкершілігімен беріледі.";

2 - т а р м а қ т а :

"ресми" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлікте "патентке" деген сөз "пайдалы модельге патент беруге" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сараптама жасау ұйымының қорытындысы негізінде уәкілетті орган пайдалы модельге патент беру не оны беруден бас тарту туралы шешім шығарады.";

3-тармақтың бірінші бөлігінде "ресми" деген сөз алып тасталсын;

13) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Өнеркәсіп үлгісі өтініміне сараптама

1. Өнеркәсіптік үлгіге өтінім бойынша сараптама жасау ұйымы үстірт сараптама және мәні бойынша сараптама жүргізеді.

2. Үстірт сараптама жасау барысында осы Заңның 19-бабы 2-тармағының 1), 4)

тармақшаларында көзделген өтінім құжаттарының бар-жоғы тексеріледі, өтінім берілген күні мен басымдық күні анықталады.

Құжаттарына қойылатын талаптарды бұза отырып өнеркәсіптік үлгіге берілген өтінім бойынша өтінім берушіге оны жіберген күннен бастап үш ай мерзімде түзетілген немесе жоқ құжаттарды табыс ету ұсынылған сауал жіберіледі.

Егер өтінім беруші белгіленген мерзімде сұратылған құжаттарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтінішті ұсынбаса, өтінім берілмеген болып есептеледі, ол туралы өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі.

Өнеркәсіптік үлгіге берілген өтінімге осы Заңның 21-бабына сәйкес қосымша материалдарды табыс ету кезінде олардың өтінім берілген өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертпейтіні тексеріледі.

Егер қосымша материалдарда өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ белгілер болса, олар өтінім берілген өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертеді. Қосымша материалдар өтінім берілген өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертетін бөлігінде өтінімді қарау кезінде назарға алынбайды және оны өтініш беруші дербес өтінім ретінде ресімдеуі мүмкін, бұл жөнінде өтінім берушіге хабарланады.

Үстірт сараптама аяқталғаннан кейін, үстірт сараптаманың нәтижесі туралы өтінім берушіге хабарланады.

3. Үстірт сараптама оң нәтижемен аяқталғаннан кейін сараптама жасау ұйымы өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізеді.

Өтінімге мәні бойынша сараптама өтінім берілген ұсыныстың өнеркәсіп үлгісі ретінде қорғалатын объектіге жатқызылуы мүмкіндігін анықтауды, көркемдік-конструкторлық шешім деңгейін анықтау үшін өтінім берілген өнеркәсіп үлгісіне қатысты ақпараттық іздестіру жүргізуді, мәлімделген шешімнің осы Заңның 8-бабында белгіленген патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келетініне тексеру жүргізуді қамтиды және өтінімге мәні бойынша сараптамаға ақы төленгенін растайтын құжат ұсынылған жағдайда жүзеге асырылады.

Өтінімге мәні бойынша сараптамаға ақы төленгені туралы құжат үстірт сараптаманың нәтижесі туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде сараптама жасау ұйымына ұсынылады.

4. Өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізу кезеңінде сараптама жасау ұйымы өтінім берушіден сараптама жасау оларсыз мүмкін болмай тұрған қосымша материалдарды, олардың ішінде маңызды белгілердің өзгертілген тізімін сұратуға құқылы.

Қосымша материалдар, сараптама жүргізу ұйымының сұратуы бойынша, өнеркәсіптік үлгінің мәні өзгертілместен сұрату жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде ұсынылуы тиіс.

Өнеркәсіптік үлгінің мәнін өзгертетін бөлікте, қосымша материалдарға осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіп қолданылады. Егер өтінім беруші белгіленген

мерзімде сұратылған материалдарды немесе белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтінішті ұсынбаса, өтінім қайтарып алынған болып есептеледі.

5. Егер өтінімге мәні бойынша сараптама жасау нәтижесінде сараптама жасау ұйымы өтінім беруші сұрап отырған құқықтық қорғау көлеміндегі өтінім берілген ұсыныс осы Заңның 8-бабында анықталған өнеркәсіптік үлгінің патент қабілеттілігі талаптарына сәйкес келетінін анықтаса, онда сараптама жасау ұйымы белгіленген басымдықты көрсете отырып, өтінім берушімен келісілген маңызды белгілер жиынтығымен қоса патентке оң қорытынды береді.

Сараптама жасау ұйымының қорытындысы негізінде уәкілетті орган өнеркәсіп үлгісіне патент беру туралы не патент беруден бас тарту шешім шығарады.

6. Өтінім берілген өнеркәсіптік үлгі өтініш беруші сұраған құқықтық қорғау көлемінде өнеркәсіп үлгісінің патент қабілеттілігі талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған кезде сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы беріледі.

Сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысы, сондай-ақ егер өтінім өнеркәсіп үлгісі ретінде қорғалмайтын объектіге жататын болса, егер өтінім беруші ұсынған маңызды белгілер жиынтығы өтінімнің бастапқы материалдарында болмаған белгілерді қамтитыны немесе өнеркәсіп үлгісі ретінде қорғалатын объектіден басқа, өнеркәсіп үлгісі ретінде қорғалатын объектілерге жатпайтын ұсыныстармен де сипатталса, немесе бірлік талаптарының бұзылуына байланысты қарау қаралмағаны туралы хабарламадан кейін маңызды белгілер жиынтығын өзгертпесе беріледі.

7. Өтінім беруші сараптама қарсы қойған барлық материалдармен таныса алады. Өтінім беруші сұратқан материалдардың көшірмелерін сараптама жасау ұйымы оған сұрау салынған күннен бастап бір ай мерзімде жібереді.

8. Осы баптың 3, 4, 5-тармақтарында көзделген және өтінім беруші өткізіп алған мерзімдерді дәлелді себептер болған және өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру ақысының төленгені туралы құжат ұсынылған жағдайда сараптама жасау ұйымы қалпына келтіруі мүмкін.

Мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішті өтінім беруші өткізіп алған мерзім аяқталған күннен бастап алты айдан кешіктірмей беруі мүмкін. Мұндай өтініш сараптама жасау ұйымына сараптаманың сұратылған материалдарымен немесе апелляциялық кеңеске жасалған қарсылықпен біруақытта ұсынылады.";

14) 26-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сараптама жасау ұйымы өнертабысқа патент беру туралы мәліметтерді өтінім берілген күннен бастап - он сегіз ай, ал өнертабысқа инновациялық патент, пайдалы модельге патент, өнеркәсіп үлгісіне патент беру туралы мәліметтерді - он екі ай өткен соң бюллетеньде жариялайды. Өтінім берушінің өтініші бойынша сараптама жасау ұйымы мәліметтерді көрсетілген мерзімнен ерте жариялауы мүмкін.";

2-тармақ алып тасталсын.

5. "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 19, 655-құжат; 2004 ж., N 17, 100-құжат; 2005 ж., N 21-22, 87-құжат):

1) 2 - б а п т а :

4) тармақта "Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы Республикалық мемлекеттік басқару органының" деген сөздер "агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 4-1) және 4-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) Ауыл шаруашылық дақылдарының сортын сынақтан өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия - өсімдік сорттарының патентке қабілеттілігі мен шаруашылыққа пайдалылығына сараптама жасауды жүзеге асыратын агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы ұйым;

4-2) Тұқымдарды сынақтан өткізу және сапасын анықтау жөніндегі мемлекеттік комиссия - жануарлар тұқымдарының патентке қабілеттілігі мен шаруашылыққа пайдалылығына сараптама жасауды жүзеге асыратын агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның консультативтік-кеңесші органы;"

2) 3-баптың 3-тармағы "сынақтан өткізуді" деген сөздерден кейін "селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы қызмет түрі ретінде" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 5-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: "Мәні бойынша сараптама жүргізу жөнінде қарау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

4) 6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: "Селекциялық жетістіктің ұсынылған атауының дұрыстығын тексеруді мемлекеттік комиссиялар жүзеге асырады.";

5) 7-баптың 2-тармағының екінші бөлігінде "Қазпатентке" деген сөз "сараптама жасау ұйымына" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті